Петропавл қаласы әкімдігінің қаулысы

2024 жыл 6 мамыр №559

Жер учаскелерін және жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иесіздендіруді бастау туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 18-бабы 2) тармақшасына, 84, 85-баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 6-тарауына, «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметтік хатына сәйкес, Петропавл қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Нысандарды салу бөлігінде Петропавл қаласының Бас жоспарын орындау мақсатында, атап айтқанда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында көзделген «Жайлы мектеп» білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде «Орман» ш/а бюджет қаражаты есебінен мектеп салу үшін, осы қаулыға № 1 қосымшаға сәйкес жер учаскелерін және жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иесіздендіру басталсын және онда орналасқан құрылыстарды бұзу жүргізілсін.

2. Мәжбүрлеп иесіздендіру мерзімі 2025 жылғы 31 сәуірге дейін деп белгіленсін.

3. «Петропавл қаласы әкімдігінің Ішкі саясат бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулыны қабылдаған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

4. «Петропавл қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі алынатын жер учаскеріне, «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – құрылысқа құқығын белгілейтін құжаттардың болуын анықтасын.

5. Осы қаулыны орындау бойынша іс-шараларды өткізу және қаржыландыру «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жүктелсін.

6. «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

– меншік иелеріне жер учаскелерін және жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иесіздендіру туралы жазбаша хабарламалар жолдасын;

– жер учаскелеріне немесе өзге де жылжымайтын мүлікке заңды талаптарды тіркесін;

– алуға жататын жер учаскелері мен жылжымайтын мүлікті бағалауды жүзеге асырсын және жер учаскелері мен жылжымайтын мүліктің меншік иелерімен келісу рәсімдерін жүргізсін;

– меншік иелеріне жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті сатып алу туралы шарттардың жобаларын жолдасын;

– шарттардың жобаларын қалалық мәслихаттың тұрақты комиссиясымен келіссін және меншік иелерімен шарттар жасасын;

– меншік иелерінің алынатын жер учаскелері мен құрылыстарына меншік құқығын тоқтатуды және «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне меншік құқығының туындауын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырсын;

– меншік иелерінің өтініштері бойынша ақшалай өтемақы төлеуді немесе жайлы тұрғын үй беруді қамтамасыз етсін;

– алынатын жер учаскелері мен құрылыстардың орнына берілетін жайлы тұрғын үйді тіркеуші органдарда тіркеуді жүргізсін.

7. Қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін мәселелер бойынша қала әкімінің орынбасарына жүктелсін.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Петропавл қаласы әкімі
С.МҰХАМЕДИЕВ.

Петропавл қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 6 мамырдағы №559 қаулысына №1 қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін алу рәсімі басталған жер учаскелерінің тізімі

№	Кадастрлық нөмірі	Учаске иесі	Учаскенің ауданы (га)	Учаскенің орналасқан жері	Нысаналы мақсаты
	1	2	3	4	5
1	15-234-060-120	Нуржан Урозбекович Аубакиров	0,05 га	«Динамо-1» б/с., 2 Линия к., 1А	бақ үшін
2	15-234-060-093	Нуржан Урозбекович Аубакиров	0,08 га	«Динамо-1» б/с., 2 Линия к., 2А	баушылық үшін
3	15-234-060-088	Раушан Ахметовна Нурмуканова	0,0640 га	«Динамо-1» б/с., 2 Линия к., 3А	баушылық үшін
4	15-234-060-108	Екатерина Карабалина	0,08 га	«Динамо-1» б/с., 2 Линия к., 4А	баушылық үшін
5	15-234-060-203	Райхана Жумагалиевна Темирханова	0,08 га	«Динамо-1» б/с., 2 Линия к., 5А	баушылық үшін
6	15-234-060-083	Марина Владимировна Урусова	0,08 га	«Динамо-1» б/с., 3 Линия к., 67А	баушылық үшін
7	15-234-060-106	Марат Сапаргалиевич Карабалин	0,08 га	«Динамо-1» б/с., 3 Линия к., 66	баушылық үшін
8	15-234-060-098	Октябрь Шаймолдин	0,08 га	«Динамо-1» б/с., 3 Линия к., 65	баушылық үшін
9	15-234-060-094	Инна Николаевна Пронина	0,08 га	«Динамо-1» б/с., 3 Линия к., 67	баушылық үшін

Habarlandyru

“Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы” КММ “СҚО Петропавл қ. Ж. Жабаев к-сі, 173 (2 кезең) мекенжайында орналасқан “Қарасай” стадионын қайта жаңарту”жұмыс жобасына ҚОӘБ бөлімін көпшілік талқылау арқылы қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жария талқылаулар 20.05.2024 ж. бастап 24.05.2024 ж. дейін https://ecoportal.kz/ бірыңғай экологиялық порталының “тыңдау” бөлімінде өтеді.

Бастамашы – “Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы” КММ , stroi@sgo.gov.kz, 8 (7152) 46-22-31.

Әзірлеуші – “Севгражданпроект” ЖШС, sevgrajdanproekt@mail.ru, 8(7152) 36-21-96.

ЖАО – “СҚО әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы” КММ dpr@sko.kz, 8 (7152) 53-36-38.

Бірыңғай экологиялық порталда https://ecoportal.kz/ құжаттамамен танысуға, ұсыныстар мен ескертулерді қалдыруға болады.

* * *

КГУ “Управление строительства, архитектуры и градостроительства акимата Северо-Казахстанской области” уведомляет о проведении общественных слушаний посредством публичных обсуждений раздела охраны окружающей среды к рабочему проекту “Реконструкция стадиона “Карасай” расположенного по адресу: СКО г. Петропавловск ул. Ж. Жабаева 173 (2 этап)”.

Публичные обсуждения состоятся с 20.05.2024г. по 24.05.2024г. на Едином экологическом портале https://ecoportal.kz/ в разделе “Слушания”.

Инициатор – КГУ “Управление строительства, архитектуры и градостроительства акимата Северо-Казахстанской области”, stroi@sgo.gov.kz, 8(7152)46-22-31.

Разработчик – ТОО “Севгражданпроект”, sevgrajdanproekt@mail.ru, 8(7152)36-21-96.

МИО – КГУ “Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата СКО” dpr@sko.kz, 8(7152)53-36-38.

Ознакомиться с документацией, оставить предложения и замечания можно на Едином экологическом портале https://ecoportal.kz/.

Dübırge toly dünie

БАЙ УНИВЕРСИТЕТТЕР

Гарвард университетінің эндаумент қорының көлемі өткен жылдың маусым айының соңында шамамен 49,5 миллиард доллар болды. Техас университеті (UT) 45 миллиард долларға жуық қормен екінші орында тұр. Бірақ бір студентке шаққандағы көрсеткіш үлкен реттілікпен ерекшеленеді. Өйткені Гарвардта Техас университетіне қарағанда студенттер саны он есе аз. Алғашқы бестікке Йель (40,7 миллиард доллар), Стэнфорд (36,5 миллиард доллар) және Принстон (34,1 миллиард доллар) университеттері кіреді. Массачусетс технологиялық институты (MIT) 23,5 миллиард доллармен алтыншы орында. Жалпы алғанда, алдыңғы жылмен салыстырғанда үздік тоғыздық рейтингі өзгерген жоқ. Калифорния университеті оныншы орынға көтерілді. Оның қоры бір жылда 15 пайызға өсіп, 17,7 миллиард долларға жеткен.

ПРЕЗИДЕНТТЕР БЕЙНЕЛЕНГЕН САҒАТТАР

Түркіменстанның батысындағы Балқан уәлаятында мемлекеттік мекеме басшыларын елдің қазіргі және бұрынғы президенттері Сердар мен Гурбангулы Бердімұхамедовтер бейнеленген сағаттарды сатып алуға мәжбүрлеп жатыр. Денсаулық сақтау, білім беру, күш құрылымдары, көлік және байланыс кәсіпорындары, аймақ басшылары да қымбат сағатты сатып алуы тиіс. Қызметі жоғары басшылар екі сурет жапсырылған 3000 манаттық (858 доллар) сағаттан алады. Ал шағын бюджет ұйымдарының жетекшілері арзан сағатқа 1500 манат төлейді. Түркіменстанда жеке басқа табыну дәстүрі баяғыдан қалыптасқан. Елде президент суреттері бар сағаттар үнемі шығарылып тұрады. Сондай-ақ мұнда мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері түрлі себеппен ақша жинауға мәжбүр. Президент кітаптарын, оның суреттерін де солар сатып алады. Түркіменстан – авторитарлық басқару нысанындағы ең жабық мемлекеттердің бірі саналады. Түркіменстанның батыс аймақтарының билігі жергілікті тұрғындарға үйлену тойында экс-президент Гурбангулы Бердімұхамедовтің әндерін қосуды және шетелдік музыкадан бас тартуды міндеттеген.

ҚҰРҒАҚШЫЛЫҚ САЛДАРЫ

Былтыр Панама халқы ел тарихындағы ең құрғақ жылды бастан кешті. Өйткені жауын-шашын әдеттегіден аз түсіп, бұл климаттың өзгеруіне әкеп соққан. Түптеп келгенде, мұның барлығына Эль-Ниньо құбылысы себеп дейді сарапшылар. Бұл құбылыс әр 6-7 жыл сайын Жер шарындағы қалыпты ауа райын бұзып, Тынық мұхитын табиғи жылынуға итермелейтін көрінеді. “Өткен жылы бізде жауын-шашын мөлшері бар болғаны 76 пайызды құрады. Бұл көрсеткіш тым аз, сол себепті 2023 жыл – соңғы 143 жылдағы ең құрғақ жыл ретінде тіркелді. Бұған дейінгі қуаңшылыққа да Эль-Ниньо құбылысы әсер еткен”, – дейді Смитсон тропикалық зерттеулер институтының физикалық бақылау бағдарламасы директоры Стивен Патон. Жауын-шашынның жылдағыдан аз түсуі Панама каналындағы су мөлшеріне қатты әсер етті. Бұл өз кезегінде жаһандық саудаға кедергі келтіріп, кеме қатынасын шектеуге әкеп соқтырды. Соның салдарынан жүк кемелері кезегін 20 тәулік күтуге мәжбүр. Кейбірі айналма жол іздеп, бағытын басқа арнаға бұрған. Австралия метереологиялық бюросы өткен жылдың ортасында басталған Эль-Ниньо құбылысы биыл аяқталады деп болжап отыр.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ТАПШЫ

2035 жылға таман Қытайдың зейнетақы қорындағы қаржы таусылуы мүмкін. Мемлекеттік ғылым академиясының мамандары осылай деп алаңдап отыр. Өйткені елде қарттар көбейіп барады. Қазір тұрғындардың төрттен бірі – 65-ті алқымдаған азаматтар. Сол себепті зейнетке шығу жасын ұлғайту мәселесі көтеріліп жатыр. Көрші елдегі демографиялық жағдай, тек зейнетақы жүйесіне ғана емес, денсаулық сақтау саласына да салмақ салады. Оның үстіне жұмыс күшінің тапшылығы туындап, бұл экономикалық өсімді баяулатуы мүмкін.

ҰЛЫБРИТАНИЯДАҒЫ САЙЛАУ

Ұлыбритания құрамына кіретін Англия және Уэльс сайлаушылары жергілікті мэрия өкілдерін және қала мэрін таңдады. Ірі саяси дода алда өтетін жалпы сайлауда кім жеңіске жететінін болжауға мүмкіндік берді. Нәтижесінде билік партиясы аз дауыс жинап, оппозициялық Лейбористер партиясы басым түсті. Британ азаматтары сайлау учаскелеріне келіп, 2 600-ден астам жергілікті мэрия өкіліне және 10 қала мэріне дауыс берді. Төрт жылда бір рет өтетін саяси додаға Консерваторлар мен Лейбористерден бөлек Либералды демократтар және Жасылдар партиясы қатысты. Нәтижесінде билік партиясы сәтсіздікке ұшырады. Олар Оңтүстік Блэкпулдегі қосымша сайлау кезінде басым дауыстан және басқа да жергілікті мэриядағы орындардың жартысынан көбінен айырылды. Дауыс беру нәтижесінде, көпшілік күткендей, Лейбористер қарсыластарынан оқ бойы озық болды.

(Ғаламтор материалдары негізінде әзірленді).